

Көксу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 қаңтардағы № 01-01 "Көксу ауданы бойынша дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін сайлау учаскелерін құру туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жетісу облысы Көксу ауданы әкімінің 2023 жылғы 26 маусымдағы № 06-24 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 26 маусымда № 45-19 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Көксу ауданының әкімі ШЕШТІ:

1. Көксу ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 14 қаңтардағы № 01-01 "Көксу ауданы бойынша дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін сайлау учаскелерін құру туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3001 тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Көксу ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көксу ауданының әкімі

М. Кольбаев